

Үйде оқитын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы № 20-3 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 03 шілдеде № 2948 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 32-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 18.09.2015 № 32-3 шешімімен (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 "Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" қаулысына сәйкес аудандық мәслихат

ШЕШІМ

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Үйде оқитын мүгедек балаларға ай сайын 2,4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде материалдық қамсыздандыру тағайындалсын.

2. Шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика, кәсіпкерлікті дамыту, қаржы және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына (Б. С ұ л т а н о в) жү к т е л с і н .

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таралады.

Аудандық мәслихаттың ХХ сессиясының
төрағасы, мәслихат хатшысы М. Кенғанов